3) қарыз алушы – ломбардпен микрокредит беру туралы шарт жасаскан және оны өтеуді қамтамасыз етуге кепіл ретінде жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлікті берген өтініш беруші;

4) кепілзат-кепіл беруші кепілге салынған мүлікті кепіл ұстаушының иелігіне беретін кепіл түрі;

5) кепіл беруші-ломбардпен ломбард беретін микрокредитті қамтамасыз ету мақсатында ломбардта заттарды кепілге салу туралы жасаскан өтініш беруші;

6) кепіл билеті – ломбардтың микрокредитті рәсімдеу кезінде беретін және микрокредит беру шарттары туралы, кепіл заты және оны өткізу тәртібі туралы мәліметтерді қамтитын ломбардта заттарды кепілге салу туралы шарт;

7) интернет-ресурс-[www.aktiv-lombard.kz](http://www.aktiv-lombard.kz) веб-сайты;

8) кредиттік досы-әрбір қарыз алушыға ломбард қалыптастыратын құжаттар мен мәліметтер;

9) ломбард - «АКТИВ ЛОМБАРД» ЖШС;

10) микрокредит-ломбардтың қарыз алушыға Занда белгіленген мөлшерде және тәртіппен, ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен беретін ақшасы;

11) кепіл заты-жеке пайдалануға арналған және микрокредитті өтеуге кепілдік беретін қамтамасыз ету болып табылатын жылжымалы мүлік;

12) микрокредит бойынша артық төлеу сомасы – микрокредит затын қоспағанда, сыйақы, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын қоса алғанда, шарт бойынша қарыз алушының барлық төлемдерінің сомасы;

13) уәкілетті орган-каржы нарығын және каржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі мемлекеттік орган.

## **2-тарау. Микрокредит беруге отініш беру тәртібі және оны қарастырылған тәртібі**

5. Микрокредит алу үшін клиент мыналарды ұсынады:

- 1) клиенттің жеке басын қуәландыратын құжат;
- 2) ломбардтың акпараттық жүйесінде тіркеуге арналған сауалнама;
- 3) микрокредит беруге отініш;
- 4) клиенттің ол туралы акпаратты кредиттік бюороларға беруге келісімі;
- 5) клиенттің ломбардқа кредиттік есепті беруге келісімі;
- 6) кепіл заты ретінде ұсынылатын мүлікке меншік құқығын растайтын құжат (бар болса);

7) мүлік кепілін тіркеу фактісін растайтын құжат (мүлік кепілін міндетті тіркеу жағдайында);

6. Микрокредит беруге отініш бере отырып, клиент келесі сенімді акпаратты қамтитын сауалнаманы толтырады:

- 1) тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде);
- 2) туған күні;
- 3) жеке сәйкестендіру нөмірі;
- 4) жынысы;
- 5) жеке басын қуәландыратын құжаттың нөмірі мен қолданылу мерзімі;
- 6) ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының номірі;
- 7) электрондық пошта;
- 8) отбасы жағдайы, балалар саны (бар болса);
- 9) жұмыспен қамту туралы мәліметтер;
- 10) ай сайынғы табыс молшері;
- 11) тұргылықты жері бойынша тіркеу мекенжайы (қай кезеңнен бастап);
- 12) накты тұратын мекенжайы (қай кезеңнен бастап);
- 13) байланысатын тұлғалардың қосымша телефон нөмірлері;
- 14) жұмыс орны туралы мәліметтер, жұмыс телефонының номірі (бар болса);
- 15) микрокредит алу тәсілі.

7. Микрокредит алудың қолма-қол емес тәсілін таңдаған кезде (техникалық шарттар болған жағдайда) клиент банктік шоттың және (немесе) Visa немесе Mastercard банктік картасының нөмірі туралы деректерді енгізеді.

8. Микрокредит беруге арналған отініш (Ережеге № 1 қосымша) Клиенттің дербес деректерінен басқа, онда оны өңдеуге келісімі, микрокредит сомасы, микрокредитті өтеу мерзімдері мөлшері, жылдық пайыздық сыйакы мөлшерлемесі, тенгедегі сыйакы сомасы, микрокредитті өтеу нысаны мен әдісі, микрокредит бойынша берешекті өтеу кезектілігі; тұрақсыздық айыбын есептеу тәртібі және мөлшері, сондай-ақ микрокредит берудің өзге де маңызды шарттары жазылады.

9. Клиент ломбард белгілеген нысан бойынша отінішті толтыра отырып, сол сияқты ломбардтың уәкілетті тұлғасына отінішті толтыру үшін мәліметтерді хабарлай отырып, мыналарды растайды:

- 1) микрокредит алуға өз ниетін;

2) Шарт талаптарын тиісінше орындауга кедергі келтіретін қалыптасқан ауыр жағдайлардың болмауын;

3) әрекет қабілеттілігінен айрылмаганын және шектелмегенін, қорғаншылықта, қамқоршылықта және патронажда тұрмайтынын, Шарттың мәні мен мән-жайларын түсінуге кедергі келтіретін аурулармен ауырмайтынын.

10. Өтінішке қол қою алдында клиент ережелермен интернет-ресурста немесе ломбард бөлімшесінде танысуға міндетті.

11. Клиент өтінішке қол қоя отырып, Ережелердің, Құпиялылық саясатының шарттарына косылады және мыналарға келісімін береді:

1) өз еркімен, дербес және өз мүддесінде қарыз берушіге интернет-ресурс арқылы, SMS-хабарламаларда, ауызша немесе жазбаша түрде Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау туралы қолданыстағы заңнамасына сәйкес кез келген байланыс құралдарын пайдалана отырып беретін өзінің дербес деректерін ломбардка беру және ондеу;

2) шарт жасасу не микрокредит беруден бас тарту мақсатында, сондай-ақ қарыз алушы шарт бойынша міндеттемелерді бұзған жағдайда сотқа дейінгі немесе сот, мәжбүрлеу тәртібімен ақшалай қаражатты келесі өндіріп алу үшін дербес деректерді пайдалану;

3) ломбард хабарлайтын кез келген ақпаратты тексеру, оның ішінде Қарыз алушы туралы ақпаратты оның төлем қабілеттілігі мен кредит қабілеттілігін анықтау мақсатында кез келген үшінші тұлғалардан сұрату;

4) ломбардтың барлық алынған дербес деректерді қарыз алушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық тиісті орындаған сәтке дейін пайдалануы;

5) ломбардтың шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдерінің басталуы туралы ақпараттық материалдарды, жарнамалық материалдарды және Қарыз берушінің қызметтері мен акциялары туралы ақпаратты ломбардтан электронды байланыс : ломбардпен берілген кез келген байланыс ақпаратын пайдалана отырып, e-mail және/немесе SMS-тарату арқылы алу;

6) ломбардтың қарыз алушы туралы ақпаратты кез келген үшінші тұлғалардан, оның ішінде «БЖЗҚ» АҚ-нан оның төлем қабілеттілігін белгілеу мақсатында сұратуы;

7) ломбардтың қалауы бойынша ломбардтың «Мемлекеттік кредит бюросы» АҚ-га, «Бірінші кредит бюросы» ЖШС-ға ақпарат беруі, сондай-ақ алуы;

8) ломбард пен Қарыз алушы арасындағы құжаттар алмасу барысында бір реттік SMS-парольді пайдалану (техникалық мүмкіндік болған жағдайда) ;

9) ломбардтың Шарт талаптарын қарыз алушы үшін жақсарту жағына біржақты тәртіппен өзгертуі.

12. Клиент өтініште көрсетілген барлық мәліметтер толық, дәл, сенімді, оған жататынын және Ережелердің талаптарына сәйкес келетінін растайды.

13. Ломбард микрокредит беруге өтініш алған соң:

1) кредиттік бюородан клиенттің міндеттемелері бойынша кредиттік есепті сұратады;

2) осы Ереженің 3-тарауына сәйкес кепіл заты ретінде өтініш берушінің мүлкін тексеруді және алдын ала бағалауды жүзеге асырады;

3) өтініш берушіге кепіл заты ретінде мүліктің бағалау құны және осы мүлікті кепілге ала отырып ломбард бере алатын микрокредиттің максималды сомасы туралы хабарлайды;

4) өтініш берушіге танысу және таңдау үшін осы Ережелердің 10-тарауында көзделген микрокредитті өтеу әдістерін ұсынады.

14. Өтініш беруші мүлікті бағалаумен және ломбард микрокредитті беру шарттарымен және өтеу тәсілдерімен келіскең жағдайда бұл туралы өтініш берушінің қолымен қуәландырылған микрокредит беруге арналған өтініште белгі жасалады.

15. Ломбард микрокредит бергенге дейін:

1) Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатурға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-кимыл саласындағы заңнамасына және ішкі құжаттарға сәйкес қарыз алушыға тиісті тексеруді жүзеге асырады;

2) танысу үшін ережелерді ұсынады;

3) Заңның 7-бабы 2-тармағының 4) және 5) тармакшаларында көзделген іс-шараларды осы Шарт бойынша қарыз алушының кредиттік деректеріне коса тіркелетін, үйым жүзеге асырған іс-шаралар тізбесін міндетті түрде белгілей отырып жүзеге асырады;

4) микрокредитті алуға, қызмет көрсетуге және өтеуге (кайтаруға) байланысты төлемдер мен аударымдар туралы толық және дұрыс ақпарат береді;

5) қарыз алушыға микрокредит алуға байланысты оның құқықтары мен міндеттері туралы хабарлайды;

6) кепіл билетін рәсімдеу кезінде кепіл затының және кепіл затын ұсынған қарыз алушының фотофиксациясын жүргізеді, сондай-ақ кепіл шарттының колданылуы тоқтатылғаннан кейін үш ай ішінде олардың фотосуреттерін сактайды;

7) кепіл билеті түрінде кепіл шарттың рәсімдейді.

16. Микрокредит беру туралы өтінішті ломбард әдette өтініш берушінің кредиттік тарихы және оның мүлкінің құны туралы ақпараттың келіп түсүіне қарай бір жұмыс күні ішінде қарайды.

17. Микрокредитті беру немесе беруден бас тарту туралы шешімді ломбардтың уәкілетті тұлғасы ұсынылған Ақпарат және Ломбард басшысы бекіткен кепіл заттарының бағасын ескере отырып, клиент туралы мәліметтерді, қабылданатын қамтамасыз ету құнын қарау және тексеру нәтижесінде алынған деректер, сондай-ақ ломбардқа түскен кез келген қосымша ақпарат негізінде қабылдайды.

18. Өтінішті алу және кепіл затын беру ломбардты микрокредит беру туралы шарт жасасуға міндеттемейді.

19. Ломбард өтінішті қарау нәтижелері бойынша өтініш берушіні кез келген қолжетімді тәсілмен, оның ішінде ұялы байланыстың абоненттік

нөміріне SMS-хабарлама немесе сауалнамада көрсетілген электрондық поштага хат жіберу арқылы (техникалық мүмкіндік болған жағдайда) қабылданған шешім туралы хабардар етеді.

20. Ломбардтың микрокредит беру туралы шешім қабылдаған уәкілетті тұлғасы ломбардтың басшысы бекіткен бағалауларга қабылданған қамтамасыз етуді және берілген микрокредит сомасын бағалаудың мөлшерлестігі үшін ломбарт алдында материалдық жауптылықта болады.

21. Кепіл заттарының бағасын (түрлері бойынша) ломбард басшысы, әдетте, тиісті тауарлар нарығы мониторингінің нәтижелері бойынша ай сайын бекітеді. Қандай да бір тауарларға бағаның озгеруіне әкеп согатын объективті мән-жайлар болған жағдайда, қажет болған жағдайда ломбард басшылығы бағаны өзгертуі мүмкін.

22. Ломбард Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырууга (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға карсы іс-кимыл саласындағы заңнамасында көзделген негіздер бойынша клиентке микрокредит беруден бастауда.

23. Ломбард микрокредит беруден мынадай жағдайларда бас тартуға құқылы:

- 1) қарыз алушының Ережеде белгіленген шарттарға сәйкес келмеуі;
- 2) клиент ұсынған ақпарат сенімді емес;
- 3) қарыз алушыда бұрын берілген микрокредит үшін ломбард алдында өтмелеген берешектің (оның ішінде өтініш берушінің қайта микрокредит үшін өтініш берген сәтінде қайтару мерзімі туындаған микрокредит бойынша берешектің) болуы;
- 4) қарыз алушының кредиттік тарихы үшінші тұлғалар алдындағы өз міндеттемелерін тиісінше орындағаны туралы мәліметтерді қамтиды;
- 5) ломбардта микрокредиттің мерзімінде қайтарылмайды деген ойлауға негіздердің болуы, өйткені тексеру барысында ломбардқа белгілі болған ұсынылған ақпарат немесе ақпарат қарыз алушының төлем қабілетсіздігін күәландарады;
- 6) сұратылған микрокредит сомасының және кепіл затының бағалау құнының мөлшерлес еместігі;
- 7) кепіл затының өтімсіздігі немесе оны кепілге қабылдауға кедергі келтіретін мән-жайлардың болуы (құжаттардың болмауы, зансыз жолмен сатып алу, үшінші тұлғалардың талап етуі және т.б.).

24. Ломбард клиентке микрокредит беруден бас тарту себептері туралы хабарлауға міндетті емес, өйткені бұл құпия ақпарат болып табылады.

### **3-тарау. Қабылданатын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар**

25. Микрокредит бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасызын ететін кепіл заты ретінде қарыз алушыға тиесілі, жеке пайдалануға арналған, тауарлық түрі бар және жарамды күйде болатын өтімді жылжымалы мұлік болуы мүмкін.

26. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексіне (бұдан әрі – ҚР АК), «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» 1995 жылғы 12 желтоқсандағы, «Оңалту және банкроттық туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы және «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мыналарды кепілге қабылдауға жол берілмейді:

- 1) жылжымайтын мұлік;
- 2) айналымнан алғынған және айналымы шектелген заттар;
- 3) тыбым салынған мұлік;
- 4) үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салынған мұлік (кепіл, кредит, бөліп төлеу және т. б.);
- 5) болашақта кепіл берушінің меншігіне түсстін мұлік;
- 6) тез бүлінетін шикізат, тамақ онімдері;
- 7) тері және басқа да бағалы киімдерді, асханалық сервисдерді, бағалы металдардан жасалған, сондай-ақ көркемдік құндылығы бар заттарды коспағанда, пайдалануда болған киім, аяқ киім, киім, төсек-орын керек-жараптары, ас үй және асхана жабдықтары;
- 8) балалар керек-жараптары;
- 9) кәсіптік сабактарға қажетті мүкеммал (оның ішінде жәрдемақы мен кітаптар);
- 10) мүгедектердің жүріп-тұруына арнайы арналған көлік құралдары, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар мен мүгедектердің жүріп-тұруына арнайы арналған көлік құралдары;
- 11) халықаралық, мемлекеттік және өзге де жүлдelerді, мемлекеттік ордендерді, медальдарды және Қазақстан Республикасының құрметті атақтарына төс белгілері;
- 12) зергерлік бұйымдардың сынықтары ретінде құрамында бағалы металдар мен асыл тастар бар тұтас және жынтық зергерлік бұйымдар.

27. Ломбард кепілге мыналарды қабылдай алады:

- 1) ұялы байланыс құрылғылары, соның ішінде ұялы телефондар, планшеттер, смарт-сағаттар және т. б.;
- 2) электротехникалық жабдықтар, оның ішінде дербес компьютерлер, ноутбуқтер, принтерлер, көшіру құрылғылары, теледидарлар, ойын приставкалары, фотоаппараттар; бейнекамералар, аудио -, бейнеаппаратура және т. б.;

3) тұрмыстық техника, оның ішінде тоназытқыштар, мұздатқыштар, кофемашиналар, ас үй техникасы, кір жуу және кептіру машиналары, бу станциялары және т. б.;

4) электр аспабы, оның ішінде перфораторлар, электр аралары, электр бұргылар, бұрама шегені бұрауыштар, тегістеу машиналары (болгаркалар); лазерлік аспаптар, электр жұқа аралар, құрылыс феналары және т. б.;

5) тері және басқа да бағалы киім, оның ішінде тондар, пальто және т. б.;

6) уәкілетті органда тіркелген және Қазақстан Республикасының аумағында жол қозғалысына қатысуга жіберілген көлік құралдары;

7) бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдар;

8) құйма алтын, асыл тастар;

9) антиквариат заттары, монеталар және басқа да коллекциялық заттар;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаган басқа да жылжымалы мүлік.

28. Ломбардтың ішкі құжаттарымен кепілге қабылдануы мүмкін мүлікке қосымша талаптар, сондай-ақ кепіл мақсаты үшін оның күнін бағалау белгіленуі мүмкін.

29. Азаматтық заңнамаға сәйкес (ҚР АК 8-бабының 4-тармағы) кепіл затын беретін клиенттің адалдығы, оның ішінде оған осы заттың тиесілігі болжанады.

30. Кепіл затының, оның ішінде зергерлік бұйымдардың, алтынның, тері және басқа да бағалы киімнің тиістілігі клиенттің түсіндірмелерімен, он кредиттік тарихпен, ішкі істер органдарының мәліметтерінде және басқа да объективті деректерде қамтылған ұрланған заттардың сипаттамасымен сәйкес келмеуімен расталуы мүмкін.

31. Қарыз алушыға кепіл затының тиесілігін растайтын құжат көлік құралын тіркеу туралы күлік, сатып алу-сату шартты, тауар жүккүжаты, чек немесе төлем туралы түбіртек, техникалық паспорт, пайдалану жөніндегі нұсқаулық, кепілдік талоны және т. б. болуы мүмкін.

32. Жоғарыда көрсетілген құжаттар болмаған жағдайда техникалық құрылғылардың тиесілігі зауыттық ораманың, бірегей аксессуарлардың болуымен, өндірушінің немесе байланыс операторының интернет-сайтындағы тіркеу деректерімен, ал интернет желісінде жұмыс істейтін құрылғылар үшін – тиісті аккаунттар, оның ішінде әлеуметтік желілер арқылы расталуы мүмкін.

33. Кепіл мүлікті бағалау кезінде ломбардтың уәкілетті тұлғасы ломбард басшысы бекіткен бағаларды басшылыққа алады, сондай-ақ кепіл мүлкінің сапалық және сандық сипаттамаларын, тауарлық түрін, оның өтімділігін, құжаттардың болуын ескереді.

34. Ломбард кепілді қабылдаудан бас тартуға құқылы, егер:

- 1) сапасы күмәнді, материалдық ескірген зергерлік бұйымдар болса;
- 2) цифрлық техникада сынықтар, сыйзаттар, тауарлы емес түрі және ескірген жылы болса;

- 3) тері бұйымында табиги тозу және (немесе) ақауларды жөндеу іздері, фасоны ескірген және басқа да кемшіліктері болса;
- 4) құрылыс құралдары жұмыс істемейтін күйде, жөндеу іздері болса, тауарлы емес түрі болса, аккумулятордың заряды жоқ және зарядталмайтын болса, жинақтаушылары жоқ болса (зарядтау құрылғысы, ауыстырғыш боліктери);
- 5) көлік құралының шанагы, оның сәйкестендіру нөмірі, шынылануы, жарықтандыру аспаптары, салоны, дөнгелектерінің закымдануы болса, өз жүрісімен қозғала алмаса, қозгалтқыш, беріліс қорабы және басқа агрегаттар тиісті түрде жұмыс істемесе;
- 6) мұліктің клиентке тиесілігіне негізделген күмән болса.

35. Зергерлік бұйымдар міндетті түрде техникалық құралдардың, химиялық реактивтердің және т. б. көмегімен бағалы металдардың, асыл тастардың болуы және түпнұсқалығы тұрғысынан тексеріледі.

36. Зергерлік бұйымдарды бағалауды ломбард басшысы бекіткен бағаларға сәйкес бағалы металдардың, асыл тастардың салмағы мен сапасына, сондай-ақ бұйымның жинақтылығы мен оның көркемдік құндылығына қарай ломбардтың уәкілетті тұлғасы жүргізеді.

37. Егер кепілге берілген зат ішкі істер органдарынан келіп түсken мәліметтерде ұсталатын ұрланған заттың сипаттамасына сәйкес келсе, ломбард бұл факті туралы Ішкі істер органдарына деруе хабарлайды.

#### **4-тарау. Кепіл билетін рәсімдеу тәртібі**

38. Отініш беруші кепілге берілетін мұліктің ұсынылған құнымен және микроクредит беру шарттарымен келіскең жағдайда ломбард өтініш берушінің мүлкін кепілге қабылдай алады.

39. Ломбардта заттарды кепілге салу туралы шарт ломбардтың кепіл билетін берумен рәсімделеді, ол жазбаша түрде екі данада жасалады, тараптар оған қол қояды және мынадай мәліметтерді камтиды:

1) ломбардтың атауы, заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері;

2) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, азаматтығы, тіркелген, нақты тұратын мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі, кепіл берушінің жеке басын күәландыратын құжаттың деректері;

3) атауы, тізбесі және толық сипаттамасы (оның ішінде сериялық номірі, моделі, жай-күйі, дайындалған күні, салмағы, түсі, өлшемдері және кепіл затының басқа да жеке белгілері);

4) кепіл затын бағалау сомасы;

5) кепілмен қамтамасыз етілетін талаптар;

6) кепіл затын сақтау шарттары мен орны;

7) микроクредитті өтеу күні мен мерзімі;

8) ломбардтың кепіл затын пайдалану мүмкін еместігі;

9) ломбардтың оған берілген кепіл затын толық немесе ішінара жоғалтқаны немесе бұлдіргені үшін жауапкершілігі;

10) ломбардтың микроクредитті өтеу кезінде кепіл затын қайтару міндеті;

11) қарыз алушы микроクредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындаған жағдайда кепіл берушінің Кепіл затын сotttan тыс өткізуге немесе оның кепіл ұстаушының меншігіне өтуіне келісімі;

12) егер қарыз алушы өтеу мерзімі өткеннен кейін бір ай ішінде өз міндеттемелерін орында маса, ломбардтың кепіл затын сауда-саттықты өткізбей өткізу құқығы;

13) кепілге салынған мұлікті, оның ішінде азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және атқарушылық іс жүргізу тәртібімен мәжбүрлеп алып қою салдары.

40. Кепіл билеті Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына және осы Ережелерге қайшы келмейтін өзге де акпаратты қамтуы мүмкін.

41. Кепіл билетіне ломбард пен кепіл беруші қол қояды. Кепіл билетінің бір данасы ломбардта сакталады, екіншісі қарызды толық өтегенге және кепіл затын қайтарғанға дейін кепіл берушіде сақталады.

42. Заттардың ломбардқа кепілге алу туралы шарт кепіл затын сатуға немесе осындай мұліктің кепіл ұстаушының меншігіне өтуіне байланысты тоқтатылады.

43. Ломбардта заттарды кепілге салу туралы шартты тоқтатумен бір мезгілде кепіл беруші болып табылатын қарыз алушының міндеттемесі және микроクредит беру туралы шарт тоқтатылады.

44. Қарыз алушы микрокредит беру туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін тиесінше орындаған жағдайда оларды сottan тыс өткізу жағдайларын қоспағанда, ломбард кепілге салынған заттарды пайдалануға және оған билік етуге құқығы жоқ.

45. Кепіл билеті жоғалған жағдайда оның телнұсқасын беру жеке басын қуәландыратын құжатты көрсеткен кезде және Ломбард басшысы бекіткен тарифтер бойынша құжаттың телнұсқасын дайындағаны үшін ақы төлеген кезде Қарыз алушының жазбаша өтініші бойынша жүзеге асырылады.

## **5-тaraу. Микрокредит беру туралы шарт жасасу тәртібі**

46. Микрокредит беру туралы шарт мәміленің жазбаша нысанына Қазақстан Республикасының азаматтық заннамасының талаптарын ескере отырып жасалады.

47. Микрокредит беру туралы шарт жасасу үшін міндettі шарт ломбардтың клиент ұсынған кепіл түрінде қамтамасыз етуді қабылдауы және кепіл билетіне қол қою болып табылады.

48. Микрокредит беру туралы шарттың талаптары ломбардтың интернет-ресурсында жарияланған стандартты (ұлгі) нысанда (Ережелерге № 2 қосымша) айқындалады, сондай-ақ ломбардтың барлық бөлімшелерінде танысу үшін қолжетімді және Клиент Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес жалпы ұсынылған шартқа қосылу жолымен ғана қабылдай алады.

49. Микрокредит беру туралы шартта Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген және тараптардың келісімі бойынша айқындалған талаптармен қатар мынадай міндettі талаптар қамтылуға тиіс:

- 1) шарттың жалпы талаптары;
- 2) қарыз алушының құқықтары;
- 3) ломбард құқықтары;
- 4) ломбардтың міндettтері;
- 5) ломбард үшін шектеулер;
- 6) тараптардың міндettемелерді бұзғаны үшін жауаптылығы;
- 7) шарт талаптарына өзгерістер енгізу тәртібі.

50. Шарттың жалпы талаптары өзіне мыналарды қамтиды:

- 1) шартты жасасу күні;
- 2) ломбардтың атаяу және қарыз алушы (тең қарыз алушы) – жеке тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде);
- 3) кредиттік желі беру (ашу) туралы келісім үшін - микрокредиттің жалпы сомасы;
- 4) микрокредитті отеу мерзімдері, кредиттік желі беру (ашу) туралы келісім үшін-шарттың жалпы мерзімі;

5) жылдық пайыздық сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес есептелген жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің (микрокредиттің нақты құнының) мөлшері (Заңның 4-бабының 3-1-тармагында көрсетілген микрокредит беру туралы шартты қоспағанда);

6) микрокредитті өтеу тәсілі: бір рет немесе бөліп қолма – қол ақшамен-касса арқылы немесе электрондық терминалдар арқылы, қолма-қол ақшасыз тәсілмен-ұйымның банк шотының деректемелерін көрсете отырып;

- 7) микрокредитті өтеу әдісі (аннуитетті, сараланған немесе басқа әдіс);
- 8) микрокредит бойынша берешекті өтеу кезектілігі;
- 9) негізгі борышты уақтылы төлемегені және сыйақыны төлемегені үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, осімпұл) есептеу тәртібі және мөлшері;

10) қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың қамтамасыз ету (ол болған кезде);

11) қарыз алушы шарт бойынша міндеттемелерді орындаған не тиісінше орындаған кезде ұйым қабылдайтын шаралар;

12) шарттың қолданылу мерзімі;

13) ломбардтың пошта және электрондық мекенжайы туралы ақпарат, сондай-ақ оның рееси интернет-ресурсы туралы деректер (бар болса);

14) ұйым шарт бойынша құқықты (талап етуді) үшінші тұлғаға берген кезде кредитордың шарт шенберінде Қарыз алушымен өзара қарым-қатынасына Қазақстан Республикасының заңнамасымен қойылатын талаптар мен шектеулер қарыз алушының құқық (талап ету) берілген үшінші тұлғамен құқықтық қатынастарына қолданылатынын көздейтін талап.

51. Заңның 4-бабының 3-1-тартмагында корсетілген микрокредит беру туралы шартта сыйақы мәні мен микрокредит бойынша артық төлеу сомасы қосынша болады.

52. Микрокредит беру туралы Шартқа Тараптар қол қойған уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша микрокредитті өтеу кестесі, оның ішінде таңдал алынған әдіс туралы Қарыз алушының (тең қарыз алушының) белгісі бар ұйым ұсынған микрокредитті өтеу әдістерінің тізбесі, сондай-ақ кепіл билеті коса беріледі.

53. Қарыз алушының құқықтары мынандай мүмкіндіктерді қарастырады:

1) микрокредиттер беру ережелерімен, микрокредиттер беру бойынша ломбардтың тарифтерімен танысу;

2) шартта белгіленген тәртіппен және шарттарда алынған микрокредитке иелік ету;

3) негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеу одан кейінгі жұмыс күні тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемей, егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түссе);

4) ломбардқа шарт бойынша берілген микрокредит сомасын тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлемей мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтару;

5) шарт бойынша міндеттемені орында мерзімін өткізіп алу басталған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде ломбардқа баруға және (немесе) шартта көзделген тәсілмен жазбаша нысанда не шартта көзделген тәсілмен шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алудың туындау себептері, кірістері және шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы оның өтінішіне, оның ішінде шарттың қолданылу аясына байланысты басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын өтінішті беруге міндетті:

- сыйақы мөлшерлемесін не шарт бойынша сыйақы мәнін азайту жағына қарай өзгертумен;

- негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыру;

- берешекті отеу әдісін немесе берешекті отеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгертуге;
- микрокредит мерзімін өзгерту;
- мерзімі откен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіру, микрокредит бойынша тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) күшін жоу арқылы;
- ұйымға кепілге салынған мүлікті беру арқылы шарт бойынша міндеттемені орындаудың орнына бас тарту ұсынысын;

6) Талаптың 7-тармагының 3) тармақшасының төртінші абзацында көзделген ломбардтың шешімін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде немесе Шарт талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген кезде ұйымды бір мезгілде хабардар ете отырып, уәкілетті органға жүгінуге құқылы

7) ұйым осы қарыз алушымен жасалған шарт бойынша құқықты (талап етуді) басқага берген жағдайда, Заңның 9-1-бабының 4 және 5-тармақтарында көрсетілген тұлғамен келіспеушіліктерді реттеу үшін банк омбудсманына жүгінуге құқылы;

8) көрсетілетін қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде ұйымға жазбаша өтініш жасау.

54. Ломбардтың құқықтары мынандац мүмкіндіктерді қарастырады:

- 1) Шарт талаптарын қарыз алушы үшін оны жақсарту жағына біржакты тәртіппен өзгерту;
- 2) қарыз алушы микрокредитті (оның кезекті бөлігін) қайтару және (немесе) күнтізбелік қырық күннен астам (қырық бес күннен астам мерзімге жасалған шарттар бойынша) сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді бұзған кезде микрокредит сомасын және ол бойынша сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап ету.

3) қарыз алушы-жеке тұлғаның өтінішін қарau нәтижелері бойынша берешекті реттеу жөніндегі келісімге қол жеткізілмеген және қарыз алушы-жеке тұлға берешек бойынша қарсылықтарды ұсынбаған жағдайда, негізгі борышты, сыйақыны және тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоса алғанда, берешекті қарыз алушы-жеке тұлғаның келісімін алмай нотариустың атқарушылық жазбасы негізінде өндіріп алу арқылы жүзеге асырылады.

55. Ломбард міндеттері мынадарды қарастырады:

- 1) шарт бойынша ломбард құқығының (талап ету) үшінші тұлғаға өту талаптарын қамтитын шарт (бұдан әрі – талап ету құқығын басқага беру шарты) жасасу кезінде қарыз алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін) хабардар ету:

құқықтардың (талаптардың) үшінші тұлғаға өту мүмкіндігі туралы, сондай-ақ шартта көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен осындай басқага беруге байланысты қарыз алушының дербес деректерін өндеу туралы талап ету құқығын басқага беру шарты жасалғанға дейін;

үшінші тұлғага микрокредитті отеу бойынша одан әрі толемдердің тағайындалуын (шарт бойынша құқық (талап ету) өткен тұлғаның атауы мен орналасқан жері), берілген құқықтардың (талаптардың) толық көлемін көрсете отырып, талап ету құқығын басқаға беру шартын жасасқан күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде шартта көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен үшінші тұлғага құқықтың (талап етудің) ауысуы туралы, сондай-ақ негізгі борыштың, сыйақының, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мерзімі өткен және ағымдағы сомаларының және төлеуге жататын басқа да сомалардың қалдықтары туралы;

2) қарыз алушыны шартта көзделген тәсілмен және мерзімде, бірақ мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей хабардар ету:

- шарт бойынша міндеттемені орындау бойынша мерзімін өткізіп алудың туындауы және хабарламада көрсетілген күні мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, төлемдер енгізу қажеттігі туралы;
- шарт бойынша қарыз алушы – жеке тұлғаның ұйымға жүргіну құқығы;
- қарыз алушының шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары.

Шартта, егер хабарлама борышкерге шартта көзделген мынадай тәсілдердің бірімен жіберілсе, ол жеткізілген болып есептеледі деген талап қамтылады:

- шартта көрсетілген электрондық пошта мекенжайына;
- шартта көрсетілген тұрғылықты жері бойынша оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберілген болса, оның ішінде көрсетілген мекенжайда тұратын отбасының кәмелетке толған мүшелерінің бірі алған болса;
- жеткізуді тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып;

3) қарыз алушы – жеке тұлғаның өтініші алынған күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде шарт талаптарына ұсынылған өзгерістерді қарау және қарыз алушы – жеке тұлғага жазбаша нысанда не шарт бойынша көзделген тәсілмен хабарлау:

- шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісуі;
- берешекті реттеу жоніндегі өз ұсыныстары;
- бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін көрсете отырып, шарт талаптарын өзгертуден бас тарту туралы дәлелді жауап;

4) шартта көзделген тәртіпен жақсартуши талаптарды ұйым қолданған жағдайда қарыз алушыны шарт талаптарының өзгеруі туралы хабардар ету;

5) тараптар қол қойған микрокредитті отеу кестесінің шартына қосымша

Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соғатын микрокредит

талаптары өзгерген кезде үйим жаңа шарттарды ескере отырып, қарыз алушыға микрокредитті өтеудің жаңа кестесін жасайды және береді.

Осы тармақшаның талаптары, егер микрокредитті өтеу микрокредит мерзімінің соңында біржолғы төлеммен жүзеге асырылған жағдайда, кредиттік желіні беру (ашу) туралы келісімге, сондай-ақ Заңның 4-бабының 3-1-тармағында көрсетілген шартқа қолданылмайды.

56. Ломбард үшін шектеулер мынандай тыйым салуды қөздейді:

1) сыйақы мөлшерлемесін немесе сыйақы мәнін (оларды төмендету жағдайларын қоспағанда) және (немесе) микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісін біржакты тәртіппен өзгерту;

2) микрокредит бойынша сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) қоспағанда, Карыз алушыдан кез келген төлемдерді белгілеу және алу;

3) ломбардқа микрокредит сомасын, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) және микрокредитті мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін басқа да төлемдерді мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтарған карыз алушыдан талап етуге құқығы бар;

4) шарт бойынша микрокредит сомасын ұлғайту;

5) егер негізгі борышты немесе сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түссе және сыйақыны немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізілген жағдайда тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) алу;

6) берілген микрокредит бойынша міндеттемелер мен төлемдерді кез келген валюталық эквивалентке байланыспен индекстеу.

57. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес микрокредит алатын жеke тұлғамен жасалатын шартқа шарттың ақырамас болігі болып табылатын титулдық парапқа беріледі.

Титулдық парапқа шарттың бастапқы параптары түрінде жазылады және Талаптардың 4-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) және 9) тармақшаларда көрсетілген реттілікпен көзделген шарттарды қамтиды. Бұл ретте Талаптың 4-тармағының 3) тармақшасында көзделген талап шарттың бірінші бетінде жазылады.

58. Шарттың мәтіні A4 форматындағы параптарда, "TimesNewRoman" шрифтімен көлемі 12 - дең кем емес, әдеттегі әріпаралық, бір жоларалық интервалмен және абзац шегінісін колданумен басылады.

59. Талаптың 4-тармағының 8), 10), 11) және 12) тармақшаларында және 5-тармағының 6) тармақшасында көзделген шарттар титулдық параптан кейін шартта көрсетілген дәйектілікпен жазылады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы болім) 389-бабына сәйкес қосылу шарттарында шарт жасалған жағдайда, қарыз алушыға ұсынылатын шарттың бір болігі (қосылу туралы өтініш) Талаптың 9-тармағы екінші болігінің талаптарына сәйкес келеді, сондай-ақ шартта тиісті реттілікпен көрсетілестін, осы тармақта көзделген талаптарды қамтиды. Бұл ретте қосылу туралы өтініш шарттың титул парагына теңестіріледі.

60. Микрокредит беру туралы шартқа тараптар қол қойған микрокредитті өтеу кестесі қоса беріледі.

Егер микрокредитті өтеу микрокредит мерзімінің сонында біржолғы төлеммен жүзеге асырылса, микрокредитті өтеу кестесін толтыру жөніндегі талаптар Заның 4-бабының 3-1-тармағында корсетілген шартқа қолданылмайды.

Егер қарыз алушы (косалқы қарыз алушы) жеке тұлға болып табылса, микрокредит беру күніне жасалған микрокредитті өтеу кестесінде сондай-ақ ұйым ұсынған микрокредитті өтеу әдістерінің қарыз алушының (косалқы қарыз алушының) тандалған әдіс туралы белгісі бар тізбесі болады.

61. Микрокредит беру туралы шартқа қол кою алдында ломбардтың уәкілетті тұлғасы қарыз алушының жеке басын куәландыруға және оның Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 29 қаңтардағы № 73-V «жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» Заның 6-бабы 1), 2), 3), 4) тармақшалыранда көзделген (Қазақстан Республикасы азаматының паспорты, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты, азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі) жеке басын куәландыратын құжат бойынша қолын салыстырып тексеруге міндетті.

62. Микрокредит беру туралы шартқа, оған өзгерістер мен толықтыруларды, сондай-ақ өтініштерге, сауалнамаларға және онымен байланысты келісімдерге қол коюды қарыз алушы ломбардқа өзі келген кезде өз қолымен жүзеге асырады.

63. Техникалық мүмкіндік болған жағдайда микрокредит беру туралы шартқа қол кою және ұзарту ломбардтың деректер базасында тіркелген ұялы байланыстың абоненттік нөміріне SMS-хабарлама арқылы Қарыз алушыға хабарланатын әріптер, сандар немесе символдар комбинациясын білдіретін бірегей сәйкестендіргіш және бір реттік динамикалық генерацияланған пароль көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін.

64. Қарыз алушы микрокредит беру туралы бірінші шартқа қол қойған күні ломбардтың уәкілетті тұлғасы уәкілетті орган бекіткен ережелерге сәйкес осы Қарыз алушыға қатысты кредиттік досыні жүргізуі тиіс.

65. Ломбардпен жасалған микрокредит беру туралы шарт бойынша ақпарат Қазақстан Республикасының кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңнамасында айқындалған шарттарда мемлекет қатысатын кредиттік бюроға міндетті түрде берілуге тиіс.

66. Қарыз алушыға микрокредит беруді ломбардтың уәкілетті тұлғасы микрокредит беру туралы шартқа сәйкес қолма-қол ақшамен шығыс-кассалық ордерге қол қойғызып жүзеге асырады.

67. Техникалық мүмкіндік болған жағдайда микрокредит беру қарыз алушының банктік шотына немесе төлем карточкасына ақша аудару жолымен қолма-қол ақшасыз тәсілмен жүзеге асырылуы мүмкін.

68. Ломбардтың қарыз алушы үшін жақсартылған жағдайларды қоспағанда, микрокредит беру туралы шарттың талаптарын біржақты тәртіппен өзгертуге құқыны жоқ.

69. Осы тармақтың мақсаттары үшін қарыз алушы үшін микрокредит беру туралы шарттың талаптарын жақсарту деп мыналар түсініледі:

1) тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) азайту жағына қарай өзгерту немесе толық жою;

2) микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйакы мөлшерлемесін азайту жағына өзгерту.

70. Ломбард жақсарту талаптарын қолданған жағдайда қарыз алушы микрокредит беру туралы шартта көзделген тәртіппен микрокредит беру туралы шарт талаптарының өзгергені туралы хабардар етіледі.

## **6-тарау. Микрокредит берудің шекті сомалары мен мерзімдері**

71. Ломбард жеке тұлғаларға жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлік кепілдігімен мынандай жағдайда микрокредиттер береді:

1) күнтізбелік қырық бес күнге дейінгі мерзімге республикалық бюджет туралы занда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің елу еселенген мөлшерінен (50 АЕК) аспайтын мөлшерде;

2) республикалық бюджет туралы занда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен (8 000 АЕК) аспайтын мөлшерде бір жылға дейінгі мерзімге.

72. Тараптардың келісімі бойынша микрокредит беру туралы шарттың әрекет ету мерзімін қолданыстағы немесе жақсартуши шарттарда ұлғайту (ұзарту) мүмкін.

73. Қарыз алушы ломбардқа шарт бойынша берілген микрокредит сомасын мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтаруға және ол бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлемей сыйақы төлеуге құқылы.

## **7-тарау. Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары**

74. Заның 4-бабының 3-1-тармағына сәйкес 45 (қырық бес) күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге микрокредит беру туралы шарттар бойынша республикалық бюджет туралы занда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің елу еселенген мөлшерінен (50 АЕК) аспайтын мөлшерде жеке тұлғамен жасалған микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақының шекті мәні микрокредит беру туралы шарт қолданылатын бүкіл кезең үшін берілген микрокредит сомасының 20% (жиырма пайыз) аспауға тиіс.

75. Бұл ретте микрокредитті пайдаланудың әрбір күні үшін микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақының мәні сыйақының шекті мәнінен 45 (қырық бес) аз немесе тең болады.

76. Микрокредит беру туралы шартта көзделген сыйақы мен тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын қоса алғанда, микрокредит беру туралы шарт бойынша карыз алушының барлық төлемдері, микрокредит беру туралы шарт қолданылуының барлық кезеңінде жиынтығында берілген микрокредит сомасынан аспауы тиіс.

77. Бір жылға дейінгі мерзімге микрокредит беру туралы шарттар бойынша тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы занда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің (8 000 АЕК) сегіз мың еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің (бұдан әрі-ЖТСМ) шекті мөлшері 56% - дан (елу алты пайыздан) аспауға тиіс.

## **8-тарау. Берілген микрокредиттер бойынша сыйақы төлеу тәртібі**

78. Микрокредит беру туралы шарттар бойынша қарыз алушы микрокредитті пайдаланудың бүкіл кезеңі үшін шартта көзделген мөлшерде микрокредитті біржолғы өтеу кезінде ломбардқа сыйақы төлейді.

79. Микрокредит беру туралы шарттың қолданылу мерзімі ұлғайған (ұзартылған) жағдайда қарыз алушы ломбардқа микрокредитті пайдаланудың барлық жаңа мерзімі үшін Шартта көзделген мөлшерде біржолғы сыйақы төлейді.

80. Егер қарыз алушы микрокредитті мерзімінде қайтартмаса, сыйақы КР АК 718-бабының 5-тармағында көзделген ережелерге сәйкес микрокредитті пайдаланудың барлық кезеңі үшін төленеді.

81. Микрокредит беру туралы шартта микрокредитті өтеу кестесі болған кезде шарт бойынша сыйақы осындай кестеге сәйкес төленеді.

## **9-тарау. Берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу ережесі**

82. Берілетін микрокредиттер бойынша ЖТСМ есептеу ережелерін уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.

83. Микрокредит бойынша ЖТСМ мөлшері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған шекті мөлшерден аспауга тиіс.

84. Ереженің 71-тармағында және Занның 4-бабының 3-1-тармағында қамтылған талаптарға сәйкес келетін микрокредиттер беру туралы шарттарға ЖТСМ шекті мөлшері туралы талаптар қолданылмайды

85. ЖТСМ микрокредит беру туралы шартта компьютерлік техника құрылғыларының көмегімен бір сөйлемде сандық көріністе және жазумен, сондай-ақ басқа сыйақы мөлшерлемелерімен қаріптерді (курсив, жартылай калың, түспен бөлу, мөлшер) рәсімдеудің көлемі мен стилі бойынша бірдей нысанда басылады.

86. ЖТСМ есебі былайша жүргізіледі:

1) микрокредит беру туралы шартты, микрокредит беру туралы шартқа қосымша келісімдерді, сондай-ақ микрокредит беру, қызмет көрсету үшін жасалуы талап етілетін өзге де шарттарды жасасу күнінде;

2) қарыз алушының ауызша немесе жазбаша талабы бойынша;

3) микрокредит беру туралы шартқа, микрокредит беру туралы шартқа қосымша келісімдерге, сондай-ақ қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соғатын өзге де шарттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда.

87. Микрокредит беру туралы шарттың талаптары, микрокредит беру туралы шартқа қосымша келісімдер, сондай-ақ қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соғатын өзге де шарттар өзгерген кезде ЖТСМ нактыланған мәнін есептеу микрокредит беру туралы шарттың қолданылу мерзімі басталғаннан бастап қарыз алушы жүргізген микрокредит бойынша төлемдерді есепке алмай, шарттар өзгеретін күнге микрокредитті өтеудің қалған мерзімі, берешектің қалдығы негізге алына отырып жүргізіледі.

88. Микрокредит бойынша ЖТСМ есебіне қарыз алушының негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеу бойынша микрокредит беру туралы Шарт талаптарын сақтамауына байланысты туындаған төлемдерді (есімпұлды, айыппұлды) қоспағанда, Қарыз алушының барлық төлемдері кіреді.

## **10-тарау. Микрокредитті өтеу әдістері**

89. Микрокредитті өтеу ломбард кассасына қолма-қол акшамен не ломбардтың банктік шотына ақша салумен, оның ішінде төлем терминалдары арқылы (техникалық қажеттілік болған жағдайда) жүзеге асырылады.

90. Заңның 4-бабының 3-1-тармағында көзделген микрокредит беру туралы шарттар бойынша микрокредит микрокредитті қайтару мерзімі аяқталғанға дейін негізгі борыштың, сыйақының, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) және төленуге жататын басқа да сомаларды қамтитын біржолғы төлеммен өтеледі.

91. 45 қүнтізбелік қүннен астам мерзімге микрокредит беру туралы шарт бойынша өтеу мынадай әдістермен жүзеге асырылуы мүмкін:

1) микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша төлемдердің тең сомасын және негізгі борыш қалдығына кезең үшін есептелген сыйақыны қамтитын азайтылатын төлемдермен жүзеге асырылатын сараланған төлемдер әдісімен;

2) микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша ұлғайып отыратын төлемдерді және негізгі борыш қалдығына кезең ішінде есептелген сыйақы бойынша азайтылатын төлемдерді қамтитын микрокредит мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылатын аннуитеттік төлемдер әдісімен. Бірінші және соңғы төлемдердің мөлшері басқалардан өзгеше болуы мүмкін.

92. Ломбард осы Ережеге сәйкес есептелген микрокредитті өтеу кестелерінің қосымша жобаларын ұсынуы мүмкін.

93. Микрокредит мерзімінен бұрын толық немесе ішінара өтелуі мүмкін. Бұл ретте микрокредитті пайдаланудың барлық мерзімі үшін төленген сыйақы қайта есептеуге жатпайды.

94. Заңның 4-бабының 3-1-тармағында көрсетілген микрокредит беру туралы шарт бойынша қарыз алушы жүргізген төлемнің сомасы, егер ол микрокредит беру туралы шарт бойынша қарыз алушының міндеттемесін орындау үшін жеткілікіз болған жағдайда, қарыз алушының берешегін мынадай кезектілікпен өтейді:

- 1) микрокредит беру туралы шартта айқындалған мөлшердегі тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);
- 2) ломбардтың орындау бойынша шығындары;
- 3) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін есептелген сыйақы;
- 4) сыйақы бойынша берешек;
- 5) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін негізгі борыш сомасы;
- 6) негізгі борыш бойынша берешек.

